мәдениетін қалыптастырғанын, құң (хунь) халқы сол арий тайпасы ұрпағы екенін айғақтайды. Үнділік жазба мен құң жазбасының ұқсастығы, жоғарыда айтылған «шумер» жазбасының «қазақы мағыналы» болуы Арий-Арыс тайпасы ежелгі үнді-иран-грек этностары үшін «нағыз Аристократтар» болғанын және көне түркі жазбасы ежелгі арий-арыстардан бастау алатынын көрсетеді. Осы деректер «хунь-юй» мен «жунди», яғни түркітілді құң мен жүнді халықтары Арыс тайпасы ұрпақтары екенін дәлелдейді. Енді Арыс тайпасының парсы аймағы мен ежелгі гректерге дейінгі аймақты жаулаған екінші жолы қазіргі Қазақстан жері арқылы Орта Азияны басып өткені тарихтан аян. Б.д.д. I мыңжылдықта аталған аймақ халқын парсылар Сақ деп атайтынын, ал гректер оларды Скиф дегенін ежелгі грек тарихшысы Геродат баяндайды. Геродат сақ-скиф халқы Ареске сыйынатынын, олар адамды құрбандыққа шалатын «ерекше қылышын» биік жерге қойып табынатындарын жазады. Қазақ халқы қылыштың ең мықтысын «алдаспан» деп атайды, оның «алды аспан» деген мағынасы атаудың сол сақ-скифтердің «ерекше қылыш» заманынан қалыптасқанын байқатады («Аспан Құдайы құрбандығымызды қасиетті қылыш арқылы алады» деп сенген сақ-скифтер, ол қылышты «алды аспан» деп атағанын көреміз, бұл дерек қазақ тілі мен сақ-скиф тілінің тікелей байланысты екенін айғақтайды). Лукиан Самосатскидің (120-190 жж. б.д.д.) «Токсарис және достық» еңбегіндегі скифтің Токсарис деген есімі, Геродат пен Страбон «жеті ұлы ғалымның бірі» деп таныған скиф Анакарис (620-555 жж. б.д.д.) есімі де сақ-скиф халқы мен ежелгі арий-арыстар байланысын байқатады: «Токсарис» – «Тоғыз-арыс», «Анакарис» – «Анық-арыс». Осы деректер мен Ареске сыйыну, яғни арғы бабасына сыйыну дәстүрі сақ-скиф халқы ежелгі Арыс тайпасы ұрпақтары екенін аңғартады. Демек құң – хунь, сақ – скиф, жунди – уйсун деп танылатын үш халық – ежелгі Арыс-арий тайпасы ұрпақтары. Осы үш халықтың жеке тайпаларынан немесе бірнеше тайпалары одағынан барша түркілік ұлттар қалыптасты (татар тайпасынан – татар; қырғы тайпасынан – қырғыз-хакас және башқыр; алан тайпасынан – қарашай-балқар және дигор; құман тайпасынан – құмық; маңғыт тайпасынан – ноғай мен қарақалпақ; үз (ақүз-оқүз) тайпасынан – түркімен; отырықшы үйсүндер мен үз тайпасы араласуымен – үзбек, үз-үйсүндер мен қырғы тайпасы араласуымен – ұйқыр (ұйғыр); урус пен сақалбан тайпаларынан – қырымлар (қырым татарлары); абар тайпасынан – авар; сақтардың энгр тайпасы мен абар және мажар тайпалары қосылуымен – венгр).

Ал қазақ халқы болса, құн мен сақ халықтарының негізгі бөлігінің біздің далада қосылып Құнзақ деген халыққа айналуымен пайда болды. Кейін Құнзақ атауы қысқарып, әуелі Қзақ, сосын Қазақ болып орнықты және үйсұндердің көшпелі тайпалары да қазақ халқы құрамына енді. Қазақ халқының арғы тегін Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген атаулардан таратуы да сол ежелгі Арыс тайпасы ұрпақтары екені халық жадында қалып қойғанын байқатады [7]. Көп жердегі ауыз екі айтылымда арыс сөзі «арбаның, шананың көлік жегетін жетек ағашы» делінеді. «Арбаның астыңғы ағаштары», «арбаның бел ағаштары» деп те түсіндіріледі сөздікте. Алайда, бүгінгі біздің санадағы арыс ұғымының арбадан ғана өрбігені ішіме толықтай жата қоймайтын. Оған себеп, «арысым құлады» дейді ғой жоқтау? Қазақтың бүгінгі қан-сөлсіз «ғылыми» тілімен айтқанда, «құлау» - заттың биіктен төменге бағытталатын әрекет түрі ғой. Арбаның ағашына келе қояр ма?. Десе де, айтулы жырау Алмас Алматовтың «Шыңғыснама», «Жошынама» дастандарын оқып отырып «арысқа» байланысты жыр жолдарын жолықтырғанымызда атамыздың әлгі сөзі жадымызда қайта жарқ ете қалғаны! Ғажап! «Ақорда арысынан омырылып...» деп келеді әйгілі жырда. Неде болса, орданың ағашы болды ғой деп түйгенбіз іштей. Таңда жортқан түлкінің ізіне түскен бүркітшідей сөз ізінің қызығына түсіп алған кісінің бүйірін «арыс» сөзінің бүлкілдетпеуі мүмкін бе? Неге «Алаш арыстары?». Қазақ үшін қан кешкен азаматтарға берілген бағадай, солардың биік мәртебесін көрсетердей болып осы сөз неге қосамжарлана айтылады? «Тастан түлкі табылар аңдығанға» дейді-ау хакім атамыз. Алмас жыраудың «Қазына» дастанын ашып қалғанымызда қарсы алдымыздан қашқан түлкідей болып жалғыз жол жыр өтті ғой. Киіз үйдің тігілісімен, оның сән-салтанатын мұндай суреттеп жазған жырды бұрын-соңды оқымаған екенбіз. Ол өз алдына бөлек әңгіме. Әлгі жалғыз жолды айтайық: «Арысын шаңырақтың бүтін шапқан...» дейді-ау! Шаңырақтың үлкен шеңберін айтып отыр ғой. Қандай ғажап! Отыз омыртқа, қырық қабыртқа, бәрін ұстап тұрған ауыз омыртқа дегендей киіз үйді ұстап тұрған бір шаңырақ емес пе? Алты керегенің біреуі сынса төрт қанат қылып қайта тігерсің, уығың сынса бас аттатып басқасын шанши берерсің, шаңырағың сынса... ордаң отын болады. Қандай ауыр!?. «Шаңырағы шайқалыпты...», «шаңырағы ортасына түсіпті...», «арысы құлапты...»... Енді сол арысты отағасыдан отан деңгейіне көтергенде алашшыл ардақтыларды «арыс» демей не дейміз? [8]. Алаш сөзі қазіргі элита сөзімен пара-пар деп айтуымызға болады. Мүмкін әуелде сақ-скифтер –

Жанарыс, хунь-құндар – Ақарыс, ал жун-жүнділер Бекарыс деп аталған болар. Оларға «құң-хунь», «сақ-скиф», «жүнді-жунди» атауларын таңған кейінгі көршілері ғой, олардың өзіндік атаулары Жанарыс, Ақарыс, Бекарыс болған тәрізді. Арыс-Арий тайпасының өз атауымен кейінге дейін сақталған бөлігі жайындағы деректерге тоқталсақ. Арыс тайпасының Тарбағатайдың шығысында отырғандары кейін құң (хунь) мен жүнді (жунди) деген екі халық болып қалыптасса, Тарбағатайдың батысында, қазіргі Қазақстан мен Орта Азияда қалғандары сақ (скиф) деген халыққа айналды. Ал Закавказье мен Қара теңіз маңына орныққандары Арыс атауымен кейінге дейін өмір сүрді. Закавказье мен Қара теңіз маңындағы Арыс тайпасы б.д.д. II- б.д. IV ғасырлар аралығындағы римдік деректерде «Аорс» атауымен кездеседі. Олар «аорсты» Скиф халқынан деп таныған, кей тарихшылар Сарматтар құрамында болған деп біледі. Себебі, сақ-скиф халқының албан мен сыбан тайпалары б.д.д. ғасырларда Закавказьеге, языг (үзік) пен сирақ тайпалары Қырымға көрші далаларға барып қоныстануында еді. Яғни, Арыс-Аорс тайпасын да сақ-скифтік немесе сарматтық деп тану орныққан (албан мен сыбан тайпалары қазақ халқында сақталды, Закавказьеге кеткендерін парсылар «сақалбан» және «сақсыбан» деп атап кеткен, шахсеван деген көшпелі тайпа азарбайжандар құрамында бар. Сван деген көл Арменияда, сван деген ұлт грузиндер құрамында бар. Ал «сақалбан» дегендер кейін Қырымда отырды, олардың Қара теңізден ары кеткендері қазіргі Албания елінің халқын қалыптастырды, Қырымда қалғаны кейін арыс-урус тайпасымен бірге Қырым татарларын қалыптастырды (өз атауы Қырымлар ұлты). Арыс атауын «Аорс» еткен римдік тіл. Деректерде Аорс тайпасы «жоғарғы Аорс» және «төменгі Аорс» болып екіге бөлінетіні баяндалады. Олардың Закавказьедегілері құң халқының Алан тайпасы келген I ғасырда кіші Кавказ тауына жақын ығысып, III ғасырдың соңында тауға көшіп, ежелгі грек тілінде христиандықты қабылдап, армян ұлтын қалыптастыруға атсалысты. Армяндардың христиандыққа дейін Ареске табынғаны жайлы деректер және армяндардың «Арийцы ұрпағымыз» деген түсініктері сөзімізге аян. Қазіргі Аракс өзені атауы әуелде «Арыс» болған деуде орынды. Ғалымдардың армяндардың ең ескі христиандық жазбалары «қыпшақ тілді» екенін мойындауының өзі олардың әуелде түркітілді болғанына жеткілікті дәлел. Ол жазбалар армяндарды христиандыққа кіргізу үшін ескі армян тілінде немесе «қыпшақ тілінде» жазылғаны түсінікті. Әрине, христиандық күш алғаннан кейін ежелгі грек тілі

«Шіркеу тілі» болып орнықты, сондықтан армяндардың төл тілі қатты өзгеріске ұшырап, негізі ежелгі грек сөздері болған қазіргі армян тілі қалыптасты, алайда армян тілінде түркілік сөздердің әлі де көптігіне күмән жоқ. Ал Қырымға таяу даладағы Аорс тайпасы құң халқының Құман тайпасы келген I ғасырда ығысып, Қырым жарты аралына қоныстанған. Сол жерден IV ғасырда Рим империясына жиі жорықтар жасап отырғаны, ол шабуылдарды Рим жазбалары «скиф соғысы» деп көрсеткені белгілі. Сол деректерден скифтер теңізде кемемен жүзуді, артынша кемелер жасауды игергенін көреміз. Сондықтан «скиф соғысы» тарихқа «скифтердің теңіз кемелерімен Рим империясына жасаған жорықтары» деген мағынада енді. Содан 300 жыл өткенде, яғни VII ғасырда Қырымға жақын жерге келіп орныққан қазақтар Аорс тайпасын «Орыс» деп атап кетті. Ал оғыздық хазарлар оларды «Урус» деп атады, осы урус атауы араб жазбаларына енді. X ғасырдағы араб географы әрі тарихшысы Әл-Масуди жазбасында Қырым жарты аралында «кемелі урус және сакалба елдері» қатар отырғанын, урустар көп рулардан құралған ел екенін көрсетеді (мұндағы сакалба дұрысында – «сакалбан»). Ғалым Қырымға таяу далада «көшпелі қазақтар» көшіп-қонып жүретінін де айтады, ресейлік аудармашылар оларды «кочевники гузи» деп бұрмалап көрсетеді (арабшада «и» мен «к» әріптерінің жазылуы ұқсастығынан да қателесуі мүмкін), алайда араб жазбасымен таныс адамға оның дұрыс жазылуы «көшпелі ғзақ» екенін түсіну қиынға соқпайды. Оның үстіне, XI ғасырда ол жерде касогта деген көшпелі жұрт отырғаны «ескі-славяндық» жазбаларда кездеседі. Ондағы «касогта» деп бұрмалағандары – «касагтар», яғни «қазақтар». Ол жерде X ғасырда «гузи» деген көшпелілер болса, оларды XI ғасырда «касогта» деп көрсетпес еді. Олар қазақтар болғандықтан, славяндалған жазбаларда «касогта» деп көрсетілген ғой. Қырымдық урус пен сакалба елдері XI ғасырда католиктік христиадықта болды, осы шындықты ресейлік құмық ғалымы Мұрад Аджи нақты дәлелдермен талай рет көрсетті. «Кодекс Куманикус» деп аталып жүрген көне жазба, анығында сол қырымдық урус пен сакалбандардың католиктік діни кітабы болып табылады. Ол кітаптың латын әрпімен түркі тілінде Қырымда XIII ғасырдың соңында жазылғанын және оның тілі қырымлар (қырым татарлары) тіліне өте жақын екенін ғалымдар мойындайды. Қырымдық «урус-сакалба» елінің православиялық славян емес, түркітілді әрі католик дінді болғанына және олардың үзілмеген ұрпағы қырым татарлары екеніне «Кодекс Куманикус» жазбасы жеткілікті дәлел. XI ғасырда

дағыстандық аварлар билігіне қырымдық Рус тобы отырды (Сарир мемлекеті орнына Авар Нуцальдігі пайда болды), осы себептен византиялық христиан дінін ұстанған аварлар рим-католиктік христиандыққа көшті. Сол авар нуцальдарінің, яғни «рустік» авар билеушілерінің шежіресінде арғы аталары «Арысхан» деп көрсетілген. Осы нақты деректің өзі қырымдық «аорс-урус-рус» тайпасының өз атауы біз көрсеткендей «Арыс» екенін дәлелдейді. Ресей ғалымдары шовинистік әдетімен Урус атауын «рус», Сакалба атауын «славян» дегізді. Қазақ атауын «Касогта» етіп бұрмалап тарихқа енгізген де солар. Осылайша Урус елі мен қазақтар қақтығысын «Орыс әскері мен Касогта әскерінің XI ғасырдағы соғыстары» етіп бұрмалап жазды, ал «касогта» дегендер қазақтар екенін дәлелдеуге ол заманда қазақ тарихшы ғалымдарының мүмкіндігі болған жоқ. Ең бастысы, Қырымда болған «арыс-аорс-орыс-урус-рус» деген атаулармен белгілі тайпа-ел мен оның жақын көршісі сакалба-сакалбан елінің қазіргі ұрпақтары сол жерде әлі отыр. Оларды «Қырым татарлары» деп бұрмалаған – Ресей империясы. Олардың өз атаулары «Қырымлар» және тілдері қарашай-балқар тілдеріне жақын, яғни қазақ тіліне де өте ұқсас. Үнділік тілдердегі сөздердің кейбірі славян сөздеріне ұқсастығын пайдаланып, «арийды – солтүстіктен барған славяндар» дейтін Ресей ғалымдары бар. Шындыққа жүгінсек, ең алғашқы «славян» – болгар ұлты, болгарлар түркітілді бұлғар тайпасының шоқынуынан пайда болды, яғни, Болгария аймағы 169 жыл Византия құлдығында болған, XI-XII ғасырлардағы бұлғарлар шіркеу тіліне көшіп «болгар» деген ұлтқа айналды. Түркілік бұлғар сөздері араласқан, алайда негізгі сөздері византиялық болған «шіркеу тілі» пайда болды. Оны барша славян ұлттары «ескі болгар тілі» немесе «славяндық-шіркеу тілі» деп атайды. Өйткені, барша славяндық ұлттар осы ескі-болгарлық шіркеу тілімен христиандық қабылдаған. Христиандық қабылдаған бұлғарлар өз тілдерінен бас тартып, осы шіркеу тіліне көшуге мәжбүр болды, бұлғар тілінен бас тартпағандарды «язычники» деп айыптап, қырғынға ұшыратқан. «Византиялықтардың 30 мың бұлғардың көзін ағызып жібергені» жайлы нақты дерек бұлғарлардың өз тілінен қалай айрылғанынан хабар береді. Византиялықтар оларды «славон» деп атаған, оның мағынасы – «кұл», алайда бұлғарлар өз ұлтын «болгар» деген нұсқада сақтап қалды. Болгар патшалығының шіркеу тілі (ескі болгар тілі) XII-XVI ғасырлар аралығында Шығыс Еуропалық көптеген түркі тайпаларын шоқындырды. Олардың әрқайсысы «болгар-шіркеу» тілінің диалектісі болып табылатын жаңа тілдері бар христиан дінді жеке

ұлттарға айналды, византиялық «славон» сөзі олардың ортақ атауы болып қалыптасты. Яғни, славян ұлттары «кеше ғана» осылай пайда болды. Византия тілі ежелгі-грек тілі мен иран тілдері араласуымен пайда болғаны – белгілі жайт, сондықтан Византия тілін «орта грек тілі» деп те атайды. Ал қазіргі Греция тілі – жаңа грек тілі. Яғни, Византия тілінде ирандық сөздер көп болған, осы ирандық сөздер болгар-шіркеу тіліне өтті, барлық славяндық ұлттар – осы болгар-шіркеу тілі арқылы христиан болғандар. Олардың тілдеріндегі ирандық сөздер осындай себеппен пайда болды, ал иран мен үнділік тілдер – туыс. Демек, славян тілдеріндегі сөздердің үнді-ирандық сөздерге ұқсастығы мен «ежелгі Арийцы» тайпасының еш байланысы жоқ, ол ұқсастық славяндық шіркеу тілінің Византияның иран-гректік тілінен қалыптасқандығын көрсетеді. Қазіргі барша славяндық ұлттардың арғы тектері – түркітілді тайпалар, ол тайпалар сақ-скиф, гунн-құң, жунди-үйсүн деген үш халыққа жатады. Ал аталған үш халықтың арғы түбі арий-арыс тайпасына барып тірелетінін айттық. Осы себептен славян халықтарын да ежелгі арий-арыстар ұрпағы деуге болар еді. Алайда, діні арқылы өзге тілге көшкендіктен, олардың тілдік және мәдени байланыстары толық үзілген, сондықтан славяндарды «арий-арыстар ұрпағы» деу қисынға келіңкіремейді. Батыс Еуропа халықтарының тілдерін «германдық тілдер тобы» деп таниды. Герман тайпалары I ғасырда «саксы» атауымен көрсетілетін, яғни олар сақ-скиф халқы болып табылады. Қырымда сақталған скиф қорғандары мен «Сакс ауданы» атауы және Германиядағы «Саксония» өзара байланысты екеніне күмән жоқ. Еуропаны V ғасырда гунн-хунндар жаулап алғаны және «саксы-герман» тайпалары олармен одақтас болғаны белгілі. Осы деректі және «германдық тілдер тобы» терминін ескерсек, онда еуропалық ұлттар саксы-скиф пен гунн-құңдардың жергілікті тайпа-этностармен араласуынан пайда болған деуге толық негіз бар. Мысалы, немістер – саксы-герман тайпасы ұрпақтары, олардың «арийцы ұрпағымыз» деуі осыдан болар. Ағылшындар болса саксы тайпасы мен жергілікті англ тайпасы араласуынан пайда болған, сондықтан оларды «англо-саксондар» деп те атап келеді. Міне, «герман тілділер» делінген Еуропа халықтары да ежелгі арий-арыстармен байланысты болып шықты. Алайда, ол байланыс пен славяндардың ежелгі арий-арыстарға байланысы өзара ұқсас, өйткені «герман тілді топта» саналатын ұлттар рим-итальяндық шіркеу тілі көмегімен пайда болды. Демек, олардың барлығы – христиандық қабылдағанда өз тілдерінен бас тартып, шіркеу тіліне көшкендер. Византиялық шіркеу тілі XI-

XVI ғасырлар арасында славяндық ұлттардың пайда болуына алып келді. Ал IX-XV ғасырлар арасында Римдік шіркеу тілі ықпалымен германдық, яғни батыс еуропалық ұлттар қалыптасты. Славяндық және германдық тілдерде көптеген түркілік сөздер сақталған, оларды кейінгі «Осман империясы заманында енген сөздер» деп санайды. Десе де, ол сөздерді сол халықтардың христиандыққа дейінгі өз сөздері деген орынды. Христиандық дін олардың тілдерін ғана емес, ділдерін, яғни ұлттық болмыстарын да толық өзгертіп, түркілік тектеріне жау етіп жіберді. Оның себебі, қалған түркітілді халықтардың негізінен жаппай Ислам дінін қабылдауларымен байланысты. Әлемдік екі діннің өзара бақталастығы оларды ұстанатын халықтар арасында алауыздық тудырды. Әлемдік екі дін арасындағы бақталастық ықпалы христиандық империялардың еуразиялық барша ұлттар тарихын өзгертіп бұрмалауына апарып соқты. Осылайша түркітілді халықтарды «кейін пайда болған жас ұлттар», ал христиандық дінді халықтарды «ежелде қалыптасқан ұлттар» деген жалған тұжырым орнықтырылды. Еуропалық ұлттардың барлығы да (орыстар да) кешегі ата-бабаларының тілдерін түсінбейтінін мойындайды. Ал Батыс Еуропа халықтары ата-бабаларының тілдерін «өлі латын тілі» деп таниды. Алайда, шындық басқаша, олардың ата-бабалары түркі тілділер болған (саксы-сақ және гунн-құн тілдері), немістің «иа» дегені мен қазақтың «иә» сөзінің мағынасы бір болуы, ағылшынның «биг» сөзі мен қазақтың «биік» сөзі мағыналас болуы соның белгілерінен [7]. Орыстың «туыстығын ұмытқан Иван» деген нақыл сөзі де, орыс халқының түркілік скиф-бұлғарлық арғы тегін ұмытқанынан хабар береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. – Ұлттық философия антологиясы 1 т., 1 б., 756 б.
2. - Философия: Оқулық / Құраст. Т. Ғабитов; Аударған Б. Сатершинов.- Алматы: Қаржы-Қаражат, 2002.- 352 бет: с
3. Философия және мәдениеттану: Оқу құралы /Т.Алтаев, Т.Ғабитов, А.Қасабек ж.б.- Алматы: Литера, 2001.- 272 бет,.
4. И.А. Уледова И.А. Духовность как ценностное содержание сознания. философские исследования. М., 2001, 329 б.

5. В.В. Шуклин. Целостность духовности, ее типы и искусство// осмысление духовной целостности. отв. редактор А. В. Медведев, Екатеринбург, 1992, С.8.
6. Э.А. Баллер Социальный прогресс и культурное наследие. М., 1987, С.51
7. <https://abai.kz/post/68917> Бекжан Әденұлы
8. <https://ult.kz/post/kosh-nege-zhure-tuzeledi-nemese-arys-pen-bozdak-sozinin-torkini-turaly> Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ

Ибраев Б.И.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.

Қостанай қаласы

ӘЛЕМДІК ТӘРТІП ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Мақалада геосаясат саласына қатысты әлемдік тәртіп идеясының жаһандану философиясына, мәніне және оның соңғы нәтижелерін сипаттайтын құбылысқа айналуы қарастырылады. Қазақстанның қазіргі кездегі рухани жағдайына жасалған талдау жергілікті халықтың батыс мәдениетінің оң жетістіктерін біртіндеп қабылдау барысында кездесетін айтарлықтай қарама-қайшылықтар туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұста экономикалық және мәдени жағынан ілгері дамыған қоғамның әлеуметтік мәдени жетістіктерін баяу дамыған қоғамдық орта сол болмысымен жай көшіріп алу арқылы қол жеткізіле алмайды деген пікір білдіруге болады. Сонымен қатар, бүгінгі күнгі белгілі бір қоғамның ішкі дүниетанымына және өзіндік ерекшелігі деп танылатын жағымды дербес даму идеясы күн арта өзекті мәселелер қатарына айнала бастағандығы сөз болады. Негізінен жаңа әлемдік тәртіпті орнату үшін мемлекеттер өзара жанжалдаспай, бітімгершілік кеңістікте әрекет етуі тиіс, ал оның негізі – төзімділік қағидаты, төзімділік құндылығы екендігі анық.

Түйін сөздер: қоғам, жаһандану, әлемдік тәртіп, құндылық, сабақтастық, мәдениет, төзімділік, дәстүр, адам

Жалпы әлемдік тәртіп дегеніміз адам мен қоғамның күйі, олардың еркіндікті, әділеттілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін өмір үлгісін қабылдауы, яғни халықтар мен мемлекеттерді, тұлғааралық байланыстарды, тиісті қатынастарды жаңа, жоғары деңгейге шығаратын оң өзгерістердің болуымен байланысты үміттерді сипаттайды [1, 16 б.].

Әлемдік тәртіп – белгілі бір деңгейде апатты түрде және/немесе адам еңбегінің нәтижесінде орын алған, жаһандық деңгейде қолдау табатын, шартты және/немесе күш қолдану арқылы қабылданған белгілі бір дәуірдің нақты тарихи жағдайларындағы әлеуметтік әрекеттесу субъектілерінің ғаламшарлық болмыс қағидаларын, ережелерін, нормаларын белгілейтін шешімдерге негізделген

халықаралық байланыстар мен адамдар қауымдастықтарының мінез-құлық жүйесі.

Әлемдік тәртіпті «тәртіп-хаос» деген жұпты категория арқылы сипаттауға болады. Қазіргі әлеуметтік технологиялар тәртіпті де, хаосты да басқара алады. Әлемдік тәртіп дегеніміз өз қисыны, өз заңдары, өз тәртібі бар көп қырлы, өзгеше, әлемнің туынды құбылысы. Ол табиғат пен қоғамға тән, халықаралық қатынастар мен саясат субъектілерінің ғаламдық жүйесінің қызметімен сипатталатын категория. Адамзаттың алдына қойылған міндеттердің орындауын қамтамасыз ететін әлемдік құрылыс моделі, ол бүкіл адамзаттық кеңістікті, аумақтықты, рухани кеңістікті қамтитын, мәні бойынша жүйелі, үлестірмелі болып табылады.

Құндылық – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында философияның жалпы құндылық проблемасына қатысты кейбір күрделі мәселелерді шешу әрекетімен дүниеге келді. Ал ғылыми түсінікте құндылық мәселесі әмбебаптылықтан арылған. Құндылықтар витальды, әлеуметтік, діни, моральдық, эстетикалық, саяси болып жіктеледі. Құндылық теориясын зерттеушілердің бірі Г. Риккерт құндылықтардың 6 саласын ажыратады. Олар: ғылым, дін, өнер, мораль, жетілген өмір және құдіретті сүйіспеншілік [2, 297 б.]. Аталмыш салалар бірін-бірі толықтырып, белгілі бір тұтастықты құрайды. Сондықтан да бұл құндылықтардың арасында өзіндік бір сабақтастық бар. Бір жүйедегі құндылық сабақтастығы екінші құндылықта өз жалғасын табады. Осылайша құндылық жүйесіндегі «сабақтастық» бүтін бір механизмге айналады. Құндылықтар көбіне тарихи алмасуларға байланысты өзгеріп отырады немесе өз құнын жоғалтып алады. Мәселен, Ресейге қосылған тұстағы қазақ халқын үш жүз жыл бойы бірлікте ұстап тұрған, өмірлік маңызды ескі құндылықтардың орнын жаңа құндылықтардың басуы. Осыған қатысты философ Ғарифолла Есім: «бұрынғы ешкімге бағынбайтын адамдар, бағынышты болды, бұл ескі құндылықтардың сарқылуының тағы бір дәлелі» деп ғылыми пайымдау жасады. Құндылықтың ең үлкені – саяси тәуелділіктің жойылуы еді. Жаңа құндылық қазақтың басқару қағидатын бұзды, елге таңсық жаңадан басқару билігін күштеп енгізді. Ығыстырылған ескі құндылықтар өзімен бірге көптеген дәстүрлі ұғымдарды, салт-сананы ала кетті. Жаңа құндылықтар жұртқа жат тез бейімделуге ыңғайсыз, бірақ өздеріне аса пайдалы жаңашылдық орнатты. Саяси

тәуелді елдің еркін ойлап, еркін өмір сүруіне ешқандай мүмкіндік болмады. Мұндай жағдай ашық түрде де өз нақыштарын көрсетті.

Әлемдік тәртіп идеясы адамзаттың өзімен құрдас деуге болады, себебі біздің өзара байланысты әлемімізде адамдар үнемі өз өмірін де, басқалардың өмірін де реттеуге мәжбүр болып отырады. Әрбір отбасы, қауым, мемлекет өзінің өмір сүруінің кепілдігі ретінде тәртіпті қажетсінеді. Тәртіп – түрлі құбылыстарды реттеу қажеттілігі және әлеуметтік өзара әрекеттесу субъектілерінің өсуімен қатар артады.

Қазіргі кезде ортақ мақұлданған, ғылыми негізделген, бәрі жетік түсінетін және әлемдік тәртіптің негізінде әлемді танытатын, оны өзгерту құралына айналатын әлемдік тәртіп теориясы, әлемдік тәртіп идеясы немесе тұжырымдамасы жоқ.

Жалпы әлемдік тәртіпті әрі қағидат, әрі мақсат ретінде қарастыруға болады. Әлемдік тәртіпті орнатуға әлемдік саясат субъектілері айтарлықтай үлес қосады, себебі әлемдік тәртіптің орнатылуы олардың көзқарасына, мінез-құлқына байланысты.

Әлемдік тәртіп мәдениетаралық диалогсыз, сол саладағы ашықтық пен жариялылық процесін ынталандыру шараларынсыз орнатылуы мүмкін емес. Әлемдік тәртіп өзара мәдени іс-қимылдың нәтижесі болып табылады, өйткені бұл мәдениеттің түрлі этностық көпшілікке немесе азшылыққа жататын-жатпайтындығына қатыссыз, мәдениеттердің барлығының мәселелеріне, басымдықтары мен қажеттіліктеріне көңіл аударуға мүмкіндік береді [3, 378 б.].

Әлемдік тәртіпті орнату барысында түрлі территориялар мен халықтарға сараланған түрде ықпал етеді. Жаһандануды түрлі экономикалық, мәдени аренадардағы үстемдік етуші топтардың арасындағы күрес ретінде және/немесе тек пен нәсіл, этностық терминдерде айрықша қарастыру да өнімсіз әрі оншалықты дұрыс емес. Жаһандануды күштегі өзгерістер, сондай-ақ айналада өтіп жатқан түрленулердің күресі ілесе жүретін жаңа саяси фактілердің пайда болуын дәлелдейтін тасқындар мен ландшафтардың саналуандығы деп атау неғұрлым нақты болар еді.

Жаңа әлемдік тәртіп – қазіргі кездегі әлемдік тәртіпке мүлдем ұқсамайтын басқа әлемдік тәртіп. Ол адам тағдырына түбегейлі әсер ететін, әлемді өзгертетін, бұрынғы әлемдік тәртіпті жоятын, ретке келтірілген оқиғалар мен фактілердің

әсер етуінің нәтижесінде орнатылады. Жаңа әлемдік тәртіп шиеленіскен қайшылықтарды бұзу, әлемдік саясаттың жетекші субъектілері мүдделерінің қақтығыстарын бұзу нәтижесінде орын алатын құбылыс.

Негізінен жаңа әлемдік тәртіпті орнату үшін мемлекеттер өзара жанжалдаспай өзара бітімгершілік кеңістікте әрекет етуі тиіс, ал оның негізі – төзімділік қағидаты, төзімділік құндылығы.

Төзімділік – туа біткен топтық немесе жеке қасиет емес, ол белгілі бір жеке және қоғамдық құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын жүзеге асыруға бағытталған күш [4, 4 б.].

Төзімділік, толеранттылық, келісім тарихтың мәңгілік сыйы емес, себебі күнделікті дамудан туып отыратын қайшылықтар біржола шешілмейді, күніге, ай сайын, жылдар бойы, үздіксіз, барлық адамға шынайы жанашырлықпен, түсінік жұмыстарын жүргізе отырып, шешім табуды талап етеді [5, 39 б.].

Төзімділік теориясы шынайы классикалық теориялар қатарында ағарту дәуірінде өмір сүрген ойшылдардың еңбектерінде зерттелген. Төзімділік Дж.Локк, Ф.М.А. Вольтер, Ж.Ж. Руссо, И. Кант сынды ұлы либералды ойшылдардың еңбектерінде азаматтық қоғамның негізгі құндылықтарының бірі ретінде қарастырылған. Дж.Ст. Милль төзімділік идеясын еркіндіктің басты шарты ретінде қарастырады, М. Вебер дінге еріктілік идеяларын қорғайды. Дж. Роулс төзімділікті әлеуметтік әділдіктің негізі ретінде қарастырады. Аталған еңбектерде төзімділік идеясы ой еркіндігі мен ар-намыс еркіндігі қағидаларының шиеленісуі ретінде қарастырылады, алайда соғыс пен бейбітшілік мәселесімен де ұштастырыла бастады. А.А. Алиев, М.С. Стецкевич, В.М. Золотухин, В.В. Шалин, Б.Г. Капустин және т.б. діни төзімділік туралы ойлардың қалыптасуы мен дамуына арналған монографиялық еңбектер мен жекелеген мақалалар жазған.

Төзімділік жеке феномен ретінде саяси жүйеде қызмет етуі саяси тәртіпке (режимге) байланысты болғандықтан зерттелмеген. Саяси төзімділіктің талдауы азаматтық қоғам теорияларының ережелеріне негізделген еңбектерді Қазақстандық ғалымдардан Р.К. Қадыржанов, К.Г. Габдуллина, К.Ж. Нұғыманова жазған.

Қазіргі заманғы Қазақстанда төзімділік азаматтарды құқықтық бағытта тәрбиелеудің аса маңызды қағидатына, оның жалпы мәдени императиві, әлеуметтік-құқықтық және ізгілік эволюция нәтижесіне айналуы. Төзімділікті пайдалану құқықтық мәдениеттің жетістіктерін жергілікті халық арасында неғұрлым тиімді енгізуге, таратуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні мемлекеттің төзімділіктің заң қағидаттары мен нормаларын ұстануы демократиялық азаматтық қоғамды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Осындай қоғамды дамытудың басым бағыттары ел үшін аса маңызды болғандықтан Елбасы өзінің Қазақстан халқына арналған Жолдауында ерекше атап өткен.

Этникалық толеранттылықтың мәні – басқа ұлт өкілдерінің сыртқы түрін, ойлау жүйесін, өзіндік ұлттық, мәдени ерекшеліктерін, іс-әрекетін қабылдау. Этникалық толеранттылық адамның тұлғалық қасиеті болып табылады, сонымен қатар ол қалыптасу барысында маманның кәсіби қажетті қасиетіне трансформацияланады. Этникалық толеранттылық әлеуметтік-мәдени және прагматикалық құзыреттіліктердің (дүние туралы білімдер, жағдаятты түсіну) даму деңгейімен анықталады. Осы құзыреттіліктерді бөліп көрсету арқылы оларға сәйкес кәсіби міндеттерді анықтау мүмкін болады: 1) әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерді дамытуға тиесілі кәсіби міндеттер; 2) прагматикалық құзыреттіліктерді дамытуға тиесілі кәсіби міндеттер. Қойылған мақсатқа жету үшін, яғни этникалық төзімділікті қалыптастыру үшін бұл міндеттер өз деңгейінде іске асырылуы тиіс [6, 293 б.].

Негізінен, толеранттылық немесе төзімділік ауқымындағы ұлттық мінез, ұлттық намыс, ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сананың жойыла бастауы, ұлттық тіл мен ділдің тоқырауына әкеліп соғатыны сөзсіз. Рух мәдениеті – күрделі әлеуметтік құбылыс, ол өз заңдылығымен, даралығымен дамиды. Кезінде ұлы қазақ ойшылы Ж. Аймауытов «ерінбей еңбек етуге таудай үміт, табанды қайрат, шамдай мұрат, жалынды жүрек, терең білім керек», – деп жазған. Қазақ халқының сана мәдениеті, рух мәдениеті, тіл мәдениеті – үлкен тарих, ұзақ ғасырлар бойы көшпелі елдің қилы-қилы асуларынан туған күрделі үрдіс. «Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды. Ендеше өзімізде бар дәулетті жарыққа шығарып, іске жаратуға талпыну керек», – деген Ж. Аймауытовтың сөздерінде ағартушылық, танымдық сарын басым [7, 24 б.].

Ойшыл М. Жұмабаев түсінігінше, адамның жан дүниесінің іздейтіні – руханият, ал оны болашаққа жеткізу үшін әрбір заманда, қоғамда рухты сабақтастырушы, жалғастырушы адамдар болады, олар өздерінің дұрыс өмір сүре білуін өзгелерге де ұсынады. Ал, дұрыс өмір сүру әрекетінің басты шарттары адамгершілік, өзгені өзіндей түсіну, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, сабырлылық, қанағатшылдық. Егер адамның іс-әрекетін бағалауда жасандылық, әділетсіздік болса, ол сенімге дақ түсіреді, рухты жасытады. Мағжан ақынның түсініктері әлеуметтік маңызға ие. Алаш зиялылары өз өмірінде болып жатқан түрлі оқиғалар мен әр алуан жағдайға халық тағдыры үшін де жауаптымын деп санап, мұндай жәйттің орын алуын өз мінез-құлқымен, болмысымен, қабілетінің деңгейімен түсіндірді [8, 259 б.].

Қазақ ағартушылары, атап көрсеткеніміздей адам пайда болғаннан бастап, оның бойында бар төзімділік қасиетті оның негізгі армандарымен байланыстыруды шығармаларына арқау етті. Нақтырақ айтқанда, адам бойындағы басқа қасиеттермен тұтас, өзара бірлікте ықпал ету нәтижесінде төзімділік қасиеті жақсылыққа, парасаттылыққа жетелейді.

1995 жылы қабылданған толеранттылық принциптерінің декларациясына сәйкес, төзімділік (толеранттылық) ұғымын адамзат қоғамындағы алуан түрлі мәдениетті түсіну, құрметтеу және дұрыс қабылдау деп түсінуге болады. Декларацияда төзімділік «алуан түрліліктегі үйлесімділік» ретінде айқындалады. Мәдени алуан түрлілік адамзат қоғамында тең бейбіт қатар өмір сүруші мәдени топтардың көптүрлілігі ретінде қабылданады. Осыған орай, төзімділік қағидаты ұлттық, нәсілдік, діни, тілдік, әлеуметтік, жыныстық белгілеріне қарамастан адам баласына төзімді қатынасты, құрметті талап етеді. Қазақстанда дін – мемлекет идеологиясының ажырамас бір бөлігі, халықтың өміршең тәрбие көзі, ел тірегі болып табылады.

Саяси жүйедегі саяси төзімділіктің қызмет етуі мемлекеттегі саяси тәртіпке (саяси режимге) байланысты болып табылады. Мысалы, елдегі тоталитарлы (авторитарлы) тәртіп интолерантты болса, демократиялық тәртіп – толерантты болуы заңдылық. Демократиялық мемлекет болып табылатын Қазақстан Республикасында саяси саладағы төзімді көріністердің негіздері қаланған. Алайда олардың дамуы азаматтар мен саяси күштердегі аталған құндылықтарды дұрыс түсінуге байланысты болып табылады.

Алайда, «әлем, адам қандай болуы тиіс» деген мәселе төңірегіндегі тұжырымдау философиялық ілім тарихында оң шешімін таппаған. Игіліктің қоғамның нақты болмысындағы көрініс табуын әртүрлі ойшылдар әрқалай негіздеп, әрқалай елестететін және олар қоғам мен мемлекеттің құрылыс нысанында көрініс табатын. Дегенмен, адам мен қоғам болмысындағы бұл көріністер игілік туралы шынайы білім бермейді. Бірақ өзінің игілік туралы ілімін дамыта түскен Гегель өлшемге мынадай анықтама береді.

Ол іс-әрекеттер адамның табиғаты мен оның қажеттіліктерін ескеретін болса өнегелі, адамгершілік сипатында болуы тиіс деген ойға келді және сол арқылы игілік мәселесін экзистенциалды кеңістікке қарай ығыстырады: «субъектіліктің абстрактты және формалды еркіндігі тек өзінің табиғи, субъективті болмысында, қажеттіліктерінде, бейімділіктерінде, құмарлықтарында, пікірлерінде, фантазияларында ғана және т.б. белгілі бір мәнге толы болып табылады. Осындай мәнді қанағаттандыру игілік не болмаса бақыт және жалпы өмірдің мақсаты» [9, 67 б.].

Сондықтан да Гегельдің құндылықтар және игілік туралы ілімі болмыс қалыптасқан кезеңдерде нақтылықпен үйлесімді күйде болады, ал Канттың іліміне сәйкес нақтылықтың тұрақты күйі нақтылықтың өзімен үйлесімділікте. Жалпы олар бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бір-бірлерін толықтырып тұрады. Алайда Гегельдің игілікті анықтауы экзистенциалды көзқарасқа бағытталған. Гегельдің ілімі және қазіргі кездегі адам туралы заманауи ғылымдар мен білімдердің дамуы адам мен қоғамның нақты болмысындағы игілік өлшемдерін анықтауға қатысты. Гегельдің экзистенциалды көзқарасының, сондай-ақ, құндылықтар трансформациясының шарттарын зерттеуі асқан перспективтілігін көрсетеді.

Алайда, өмірдің өзі құндылық болып табылады ма? Осы еңбекте қолданылатын құндылық табиғатына сәйкес өмір өздігінен құнды бола алмайды, себебі құндылықтың жалпыламалығы оны маңызды немесе маңызды емес басқа да құндылықтармен салыстыруды көздейді. Оны басқа да құндылықтармен салыстыруға жол беру барысында адам өмірінен де маңызды құндылықтардың бар екендігін мойындаймыз. Сөйтіп, адамның өмірі мен онан да жоғары құндылық арасында таңдау жасау қажеттілігі жалпы өмірді мойындамау болып табылады.

Ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесінде академик Ө.Нысанбаев: «Үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түсер жаһандық тұтастану, шекара талғамайтын қаржы мен ақпарат ағындары өзін сақтап қалмақ болған әрбір ұлтты жаңа қатер қаупінен қорғануға мәжбүр етіп отыр. Ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи жадын, бірегей ұлттық болмысы мен ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ерекше ділін, дәстүрлі төл мәдениетін дамыту мен аман алып қалу жолында жанталасу қажет» деп атап көрсетеді [10, 246 б.].

Гуманистік психология тұрғысынан алар болсақ адам өмірінен асқан ешбір жоғары және лайықты субстанция жоқ. Осы мектеп әзірлеген адам тұжырымдамасына көз жүгіртетін болсақ мінсіз адам өлшемі адамның құндылықты қатынастарына қатысты қолданудың міндетті салдары болып табылады. Философ, психолог Э. Фроммның іліміне сәйкес субъективті тілектер, ұмтылыстар не болмаса нақты әлемнің шеңберлерінен тыс өзге де бағыттар құндылықтың өлшемі ретінде қарастырылмайды. «Тек адамның табиғатын талдап, оның нақты мүдделері мен оған қоғам баулыған мүдделері арасындағы шынайы қайшылықтарды айқындаған кезде ғана объективті дұрыс нормаларды табуға болады» [11, 164 б.].

Білімге негізделген есті құндылықты және басқа да құндылықтарды сана бір жүйеге біріктіре алады; ол өз кезегінде адамның мінез-құлқының негізіне айналады да бір қажеттілікті екінші қажеттіліктің пайдасына қарай ығыстырмай, нақтылық әлемімен, соның ішінде басқа да адамдармен үйлесімді болуына ықпал етеді. Осыдан игілік өлшемі ретінде бір жүйеге біріктірілген адамның бүкіл құндылықтар әлемін және адамның үйлесімді дамуына ықпал ететін болмыстың сыртқы жағдайларын игіліктің өлшемі ретінде айқындауға болады. Адамның осындай күйін бақыт деуге болады. Осы екі өлшем бір тұтас бірлікті құрайды. Осындайда біріншісін артық деп санау, не болмаса екіншісін мүлде жаратпау игіліктен ауытқуға және «қараңғылықпен араласып кетуге» әкеп соқтырады. Ол уәждер субъекттің белгілі бір қажеттіліктерін көкейкесті ету деңгейіне байланысты әртүрлі сипатта болатындығына байланысты. Егер де Басқа адам тіпті ең жоғары қажеттіліктерді қанағаттандырудың құралы болатын болса (өмірдің мәнін ұғыну қажеттілігінде, жоғарыға табыну, бағдарлауға қатысты қажеттіліктер) уәждеме қайтсе де прагматикалық императивтің шегінен

шықпайды, сондықтан да субъектіге қатысты құндылық мәртебесіне ие Басқа адам кез келген басқа құндылықтармен салыстырылады. Осыған байланысты Басқа белгілі бір құндылықтан біршама төмен болуы мүмкін. Сондықтан да неғұрлым мықты субъектінің құндылықтар жүйесі Басқа адамды күйретудің немесе оны жоюдың себебіне айналады [12, 107 б.].

Шын мәнінде адам бойындағы рухани қуаттың оянуы ғана жеке тұлғаның өзіндік шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына бірегей жағдай туғызады. Терең рухани қайнардан нәр алған адам ғана барлық қабілеттер «тамырына» жол тауып, шынайы дарынды, демек сан алуан іс-әрекет формаларын меңгеріп, жетілдіруге бейім, ұйымшыл, Интернет пен ақпарат құралдарын ширақ пайдалануға қабілетті болады. Бұл орайда ол өз бірегейлігі мен даралығын сақтай отырып, өзінің телебайланыс тетігіне айналуына жол бермейді. Қазақстандық білім беру жүйесі алдында, міне, осындай адам тәрбиелеу міндеті тұр.

Білім беру жүйесі қоғам өмірінде, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуде атқаратын рөлі мен мақсаты бойынша өзара байланысты, бірін-бірі өзара толықтырушы екі бағыттағы міндетті орындайды. Бірінші бағыт – оқыту, алдындағы толқын аға ұрпақтың әлеуметтік-мәдени тағылымын, философия, ғылым, өнер, адамгершілік негіздерін, адамның әлеуметтік ортаға тең құқылы азамат ретінде енуіне мүмкіндік беретін басқа да білімдер қорын жас ұрпақ бойына сіңіру. Адамның әлеуметтенуімен байланысты бұл бағыт адамның әлеуметтік ортада өз орын табуына, аға ұрпақтар тағылымы мен ұлтық дәстүрлерді меңгеруіне мүмкіндік береді. Мұның бәрі адамның өмірлік мұратын айқындауының, кәсіби еңбекке араласуының алғы шарты. Білім беру жүйесінің екінші бағыты – адамның адам болып қалыптасуына, Абай айтқандай, толық адам болуына, оның рухани, ішкі қуатының оянып, кемелденуіне көмектесу. Адам өзінің жоғары рухани әлемге қатыстылығын түсініп, тұлға аралық қарым-қатынас процесінде, жеке өмірінде жоғары құндылықтарға, мұраттарға сай өзінің рухани бет-бейнесін айқындайтын болуға қол жеткізуі. Ендеше, Абай айтқан «Толық адам болу!» философиялық-этикалық принциптің іске асқаны.

Әдебиеттер

1. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің анықтамасы мен мәні //Хабаршы. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2006. –№1(13). -16-21 бб.
2. Риккерт Г. Табиғат туралы ғылымдар және мәдениет туралы ғылымдар / ауд. Г. Раянова // Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. 20 томдық. – Астана: Фолиант, 2009. – 13 т. 472 б.
3. Ұлтаралық келісімді ғылыми басқару мәселелері //«Правовые проблемы государственного управления в условиях рыночных отношения РК»: мат. межд. науч.-прак. конф. 30 ноября 2006 г. – КазНПУ им.Абая, 2006. – С.378-380.
4. Төзімділік қағидалараның декларациясы //1995 жылғы 16 қарашадағы ЮНЕСКО ұйымының Бас конференциясының 5.61 қарауымен бекітілген.
5. Әлеуметтік философия: 20 томдық. 17-том / құраст.: Ә. Нысанбаев, М.З. Изотов. Философия және саясаттану институты. – Астана: Аударма, 2006. – 480 б. (Қазақ халқының философиялық мұрасы: «Философия және психология» секциясы).
6. Төзімділік көшпейтін көшпенділердің философиясы нысан сарыны діл қоңыр үнді категория бренді негізі ретінде // Ж. Нәжімеденов, Ж.А. Алтаев, Ж.О. Байғозы. Діл қоңыр үнді домбыра – бренд. – Алматы, 2009. – 293-308 б.
7. Аймауытов Ж. «Мақсаттың құлы бола білсек жетеді» //Қазақ. – 2016. - 18-26 наурыз (№11/12). – 24 б.
8. Жұмабаев М. Таңдамалы: (өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар) /М. Жұмабаев; [құраст. Б. Дәрімбетов]; ҚР Ғылым акад.; М.О. Әуезов атын. әдебиет және өнер институты. – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б. Түсініктер: 259-267 б.
9. *Философия права. Гегель* // Серия «Философское наследие». – М.: Мысль, 1990. – С. 113, 210. – С. 524.
10. [Нысанбаев А.](#) Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы // Глобализация и устойчивое развитие Казахстана. -Алматы, 2002. -264 б.
11. Фромм Э. Душа человека / пер. с англ., нем. -М., 1992. -С. 429.
12. Риккерт Г. Философия жизни. -Киев: Ника центр, 1998. -С. 287.

CONTENTS

EKONOMICKÉ VĚDY

Podniková ekonomika

Қонарбай Ұ.Т., Маханова А.Ж. ПРОГНОЗНЫЕ ОЦЕНКИ КОММЕРЧЕСКИХ РИСКОВ ПРОМЫШЛЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ	3
--	---

Regionální ekonomika

Тажбаева А.М., Капелюк З.А. STRUCTURAL ANALYSIS OF EMPLOYMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN MODERN CONDITIONS	7
---	---

Ахметова А.С., Накипова Г.Е., Тургель И.Д. НЕКОТОРЫЕ ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОЦЕССА УРБАНИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ	15
---	----

Ekonomická teorie

Адилова С. Д. DIGITAL ECONOMY AS A NEW GLOBALIZATION.....	23
--	----

Zahraniční ekonomické aktivity

Қонарбай Ұ.Т., Сабырбек Ұ.А. ФРАНЧАЙЗИНГ КАК ФОРМА АКТИВИЗАЦИИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	30
---	----

Залесский Б.Л. РЕЗЕРВЫ РОСТА ДОЛЖНЫ БЫТЬ ПРИВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ..	33
--	----

Investiční aktivita a kapitálových trzích

Калачёва А.В., Кенжебеков Н.Д. КЛАССИФИКАЦИЯ ОСНОВНЫХ ПРОБЛЕМ ПОВЫШЕНИЯ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТИ ТУРИСТСКИХ ДЕСТИНАЦИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	37
---	----

Marketing a management

Зейніл А., Джапарова К. К. ВЫБОР СТРАТЕГИИ РАЗВИТИЯ ГОСТИНИЦЫ: МАРКЕТИНГ И МЕНЕДЖМЕНТ	46
--	----

Účetnictví a audit

Дюсенбекова У. С., Мусипова.Л ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕГІН ЕСЕПКЕ АЛУ ПРОЦЕДУРАЛАРЫ МЕН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	50
---	----

Rakhatova Sh.T., Saparbayeva S.S. PROBLEMATIC ASPECTS OF ACCOUNTING AND REPORTING OF LEASE TRANSACTIONS.....	55
---	----

Алтынбекова Ж. ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША - ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ЕҢ ТАНЫМАЛ ТҮРЛЕРІ	59
---	----

Оразғалиева Ж.Қ. БАСҚАРУ ЕСЕБІНДЕГІ ШЫҒЫНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖІКТЕУ	63
Медведева А.М., Березюк В.И. РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ СУБЪЕКТА: СУЖДЕНИЕ БУХГАЛТЕРА	67
Медведева А.М., Березюк В.И. ОБ ИСКАЖЕНИЯХ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ: СУЖДЕНИЕ БУХГАЛТЕРА	76

FILOLOGIE

Jazyk, řeč, komunikace

Аубакирова А. А. АМЕРИКАНДЫҚ ЖӘНЕ БРИТАНДЫҚ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ САЯСИ ДИСКУРСЫНДАҒЫ ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН АНЫҚТАУ	86
---	-----------

PEDAGOGICKÉ VĚDY

Problémy tréninku

Шилибаев Б. А., Науатов С. К. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ҮДЕРІСІНІҢ НЕГІЗГІ	90
Шилибаев Б. А., Пушкулов Ж. А. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САЛАСЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	94
Уразова Г. М., Аяганова А. Б. ЕЛІМІЗДЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖАҢҒЫРТУ ЖОЛДАРЫ	98
Шилибаев Б. А. ЖАТТЫҒУ КЕШЕНДЕРІН ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕГІ ГИМНАСТТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ	101
Самбеткулова Н.Н. Скабаева Г.Н. Купербаева А.Ж. МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВКЛЮЧЕНИЯ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБУЧЕНИЯ В УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС	104
Suyundikova M.A. THE INTEGRATION OF THEORY AND PRACTICE: ACTION RESEARCH	108

Metodické základy vzdělávacího procesu

Лаврушенко О.В. РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ, КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ НОВОЙ ФОРМАЦИИ В РАМКАХ ПРОГРАММЫ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КЛУБА СТАРШЕКЛАССНИКОВ «АРАЙ»: ПРАКТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	114
---	------------

Сарсекеева Ж.Е., Сарсембекова А.А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ	121
Мереква А.М. PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL CONDITIONS OF SUCCESS IN MASTERING A FOREIGN LANGUAGE IN THE CONDITIONS OF UNIVERSITY EDUCATION	124
Айтжанова Р.М., Жусупова А.О. SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION OF PRESCHOOLERS THROUGH KAZAKH FOLK TALES.....	130
Strategické směry reformy vzdělávacího systému	
Яковлева Е.В. СУЩНОСТНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ УЧЕБНЫХ УМЕНИЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ.....	134
Moderní metody výuky	
Тулеева З.С. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БЛУМ ТАКСАНОМИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БАҒАЛАУ	137
Бектанова Д.А. АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ	140
Ауелбаева Н.О., Оразбаева А.Ж., Акбаева Д., Кемельбекова Ж.С. «БҰЛТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» ЖӘНЕ «КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК» ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	146
Муратов Рахматулла СТУДЕНТТЕРДІҢ ДАЛАЛЫҚ ОҚУ ПРАКТИКАСЫНДА ГЕОБОТАНИКАЛЫҚ БІЛІМ ДАҒДЫЛАРЫН АРТТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	149
Сарсембекова А.А., Сарсекеева Ж.Е. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ	156
Яковлева Е.В. НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УМЕНИЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.	162
Бекжанова Ж.М., Жайдакбаева Л.К., Шоманбаева М.Т. МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ПАКЕТТЕРДІ ҚОЛДАНУ	166

POLITIKA

Globální studie

Абдыкалыков А.Т. О ПЕРСПЕКТИВАХ РАЗВИТИЯ ГРАЖДАНСКОЙ ОБОРОНЫ	172
--	------------

PŘÁVNÍ VĚDY

Podnikatelské a bankovní právo

Сидоренко Т.В., Сорокина Л.И, Удовицкая Е.Ю. РАЗРЕШЕНИЯ И УВЕДОМЛЕНИЯ В СФЕРЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ (ПРАВОВОЙ АСПЕКТ).....	179
--	------------

Mezinárodní právo

Кожухметова А.Е. ОФФШОРНЫЕ КОМПАНИИ: ПЛЮСЫ И МИНУСЫ.	183
--	------------

Ústavní právo

Жалел зубайра ,Әділжан Дана,Бисекенов Ақназар ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	186
--	------------

Občanské právo

Дилуарова А.С. ЗИЯТКЕРЛІК ҚҰҚЫҚТАР ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ МӘНІ	190
Молдабаева Г.А. СУБЪЕКТИНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ БӨЛШЕГІ РЕТІНДЕГІ СУБЪЕКТИВТІ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ МІНДЕТ.....	194

PSYCHOLOGIE A SOCIOLOGIE

Práce psychologie

Лаврушенко О.В. КОММУНИКАТИВНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ И ПСИХОГИГИЕНА ОБЩЕНИЯ КАК СРЕДСТВО ПРОФИЛАКТИКИ КОНФЛИКТОВ В ОРГАНИЗАЦИИ .	197
--	------------

Formy mezi pracovním a soukromým praxi psychologa

Купербаева А.Ж. Скабаева Г.Н. Самбеткулова Н.Н. РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЙ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ ОБУЧАЮЩИХСЯ	201
---	------------

Klinická psychologie

Bekmuratova G.T., Bakytova A.O. FEATURES OF GENERAL MOTOR SKILLS OF PRESCHOOL CHILDREN WITH SPEECH DISORDERS.....	205
---	------------

Pedagogická psychologie

Бекмуратова Г.Т., Қайрбекқызы Ш. ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН ІС- ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	210
---	------------

Vývojová psychologie

Бекмуратова Г.Т., Бақытова А.О. ЗЕЙІН ДАМУЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 217

PHILOSOPHY

Filosofie kultury

Қабұл.О.Қ., Ибраев Б.И. ТЕКІЛІК МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ 222

Ибраев Б.И. ӘЛЕМДІК ТӘРТІП ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР 236

CONTENTS 246

- | | |
|----------|----------|
| *298368* | *299009* |
| *299079* | *299069* |
| *299292* | *299082* |
| *299032* | *299128* |
| *298378* | *299043* |
| *299049* | *299068* |
| *299112* | *299169* |
| *298829* | *299294* |
| *298526* | *298882* |
| *298640* | *298883* |
| *298981* | *294772* |
| *298982* | *298890* |
| *299035* | *299346* |
| *299046* | *299356* |
| *297440* | *299342* |
| *299048* | *298987* |
| *299050* | *298988* |
| *299051* | |
| *299052* | |
| *299075* | |
| *299321* | |
| *294773* | |
| *299318* | |
| *299320* | |
| *299359* | |
| *299041* | |
| *298112* | |
| *298701* | |
| *298926* | |